



Avenue Park

Avenue Park



— жаңа деңгейдегі жайлылық
пен сенімділіктің мекені



BS Holding

BS Holding — мінсіз беделімен, тұрақтылығымен, жауапкершілігімен және жоғары сапалы жобаларымен танылған құрылыс компаниясы. Компания нысандарды мерзімінен бұрын тапсырып, жоғары ұйымдастырушылық деңгейі мен кәсібилігін дәлелдеп келеді.

Құрылыс саласынан бөлек, BS Holding Маңғыстау облысы мен Ақтөбе қаласында әлеуметтік бастамаларды белсенді жүзеге асырып, инфрақұрылымды және абаттандыруды дамытуда. Бүгінде BS Holding — сенімділік пен ілгерілеудің символы, мұнда сапа мен адамдарға қамқорлық басты басымдық болып қала береді.



Құрылыс компаниясы
BS Holding **2014 жылы құрылған**



1 000 000 м²
тұрғын үй ауданы салынды



Батыс өңіріндегі
құрылыстағы көшбасшы



20 000 отбасы
бізбен бірге өз баспанасына
қол жеткізді



Avenue Park



Ақтаудың жаңа тынысы — Avenue Park.
Бұл жай ғана тұрғын үй кешені емес. Бұл — өзіңізді ерекше сезінетін, шынайы "үй" деген сезімді сыйлайтын орта. Қала өмірінің қақ ортасында бола тұра, Avenue Park әрбір тұрғынына тыныштық, табиғилық және заманауи жайлылықты қатар ұсынады.





Орналасуы — қала жүрегіндегі дара мекен

Avenue Park 40-шы шағын ауданында орналасқан. Бұл аймақ болашағы зор, жаңа идеялар мен жайлы өмір салты тоғысатын орталыққа айналуда. Кешеннің басты ерекшелігі — Тұңғыш Президент саябағына жақындығы. Мұнда таңертеңгі серуен, кешкі тыныштық, балалармен таза ауада уақыт өткізу – күнделікті өмірдің бір бөлігі болмақ.

Жаяу қашықтықта:



Ясин поликлиника



№24 мектебі



Облыстық емхана



Назарбаев Зияткерлік мектебі



Тұңғыш Президент саябағы



Ержан Хазірет мешіті



Облыстық перинаталдық орталық



“BS Arena” спорт кешені



“Әлия”, “Мәншүк”, “Хиуаз”
балабақшалары



А. Кекілбаев атындағы
облыстық мұражай



Avenue Park

Avenue Park — қала өмірін ыңғайлы, қауіпсіз және мәнді ететін ортақ идеясы бар тұрғын үй кешені. Мұнда әрбір инженерлік элемент, әрбір бөлшек, әр бұрыш — тұрғындардың күнделікті өмірін жеңілдету үшін, шабыт беретін атмосфера қалыптастыру үшін ойластырылған.






Қолданыстағы шешімдер арқылы өмір сапасын көтеру

Лифт жүйелері — адамдарға деген қамқорлықтан басталатын ыңғайлылық

Avenue Park-та Қытайдың Xizi Gotz брендтік лифттері орнатылған. Бұл бренд өмір сапасына, техникалық қауіпсіздікке және дыбыс оқшаулауға басымдық береді.

Бөліну жүйесі тұрғындар ағынын жеңілдетеді:



А және D блоктарында

2 лифт, тұрғындар саны көп блоктарда кезек күттірмейді

В, Е, V, G блоктарында

1 лифт, тиімді жоспарланған жүктемемен



Avenue Park

Мұндай жоспар тұрғын қозғалысын ыңғайлы етеді, ұзақ күтуді болдырмайды.

Артықшылықтары:

- Тыныш жұмыс
- Жұмсақ қозғалыс (балалар арбасына, жүктің жоғары-төмен тасымалына ыңғайлы)
- Энергия үнемдеу технологиясымен жабдықталған







Жылыту жүйесі — қарапайым емес, ақылды жылулық



Пәтерлерде ерекше сенімділігімен танылған **Royal Thermo** радиаторлары орнатылған. Олар бірқалыпты жылу сақтайды, артық ыстықты таратып жібермейді, алыс қабырға мен бұрыштарды да толық жылытады.



Қыстың ең суық күнінде де температура контролін жоғалтпайды
Интерьермен бірігіп кететін заманауи дизайны бар
Қауіпсіз, жанбайтын, улы газ шығармайтын құрылым

Терезе және балкон жүйесі — жарыққа, ауаға, еркіндікке арналған кеңістік

Avenue Park пәтерлерінде Rehau (Германия) терезелері орнатылған. Бұл — Еуропа стандарттарымен жасалған 5 камералы профиль, екі қабатты шыны пакет.



Артықшылықтары:



Сырттағы шуды толықтай сіңіреді



Күн сәулесін өткізіп, жылуды сақтайды



Терезе жақтауында конденсат жиналмайды



Жел, шаң, суық ауа өткізбейді



Француз балкондары — бұл жай балкон емес, тұтас үш беті шынымен қапталған панорамалық капсула.

Мұнда қала келбеті мен күн сәулесі — сіздің күнделікті серігіңіз. Жарыққа толы интерьер, кеңдігі артқан бөлме, көзге жағымды эстетика — бәрі де төбе биіктігі 3–3,2 м болғандықтан әсерлі көрінеді.

Есіктер және қауіпсіздік — үйіңізге кірер қақпадан басталатын сенім

Барлық пәтер есіктері Ресейде жасалған болат есіктермен орнатылған.
Бұл есіктер көп қабатты металдан тұрады, тез ашылмайды, сыртқы қысымға,
температураға төзімді.



Ал одан да маңыздысы — Xiaomi MI Magic Vein электронды құлып жүйесінің орнатылуы.


Бұл құлып:

-  Сізді таниды (бетіңізді оқиды — Face ID)
-  Саусағыңызды қабылдайды
-  Карта немесе пароль арқылы ашылады
-  Қолмен де ашуға мүмкіндік береді

Балалы отбасылар үшін — толық бақылау. Күтуші, қонақ, туыс кіретін
уақыт пен рұқсат деңгейін басқару мүмкіндігі беріледі.

Kids Room — балаңызға арналған қауіпсіз мини-әлем

Avenue Park аумағында балаларға арналған арнайы жабық бөлме — Kids Room бар.



Бұл жай ғана ойын бөлмесі емес. Мұнда:

- ✂ Балалар шығармашылықпен айналысады
- 🧩 Қауіпсіз жұмсақ жабында ойнайды
- ☁ Жаңбырлы күні де көңіл көтереді
- 👥 Жаңа достар табады, әлеуметтенеді

Яғни, кешен баланың күнделікті белсенділігін шектемейді.
Бұл — дамуға бағытталған интеллектуалды ойын ортасы.

Аула — тыныштық, спорт
және салауатты өмір салтының
орталығы



Аула кеңістігі — жайлы өмірдің жүрегі

Avenue Park ауласы — тұрғындардың күнделікті өмірін кез келген маусымда толыққанды, белсенді және үйлесімді өткізу үшін арнайы жоспарланған көпфункционалды кеңістік. Бұл аумақтың әрбір элементі тұрғындардың жайлылығын, қауіпсіздігін және эмоциялық жағдайын ескеріп жасалған.



Жасыл орта — тыныштық пен табиғилық

Ауланың басты ерекшелігі — ландшафтты көгалдандыру концепциясы. Мамандар ботаникалық бақтардан іріктелген өсімдіктердің төзімді және эстетикалық түрлерін ғана таңдаған. Бұл нысандар аймақтың климаттық ерекшеліктеріне сай, көктемнен күзге дейін жайқалып тұрады.



Жасыл желек тек әсем көрініс үшін ғана емес, сондай-ақ ауаның тазалығын сақтауға, жазда салқындық беруге және айналаны тыныштандыратын табиғи орта қалыптастыруға ықпал етеді. Әрбір ағаш, бұтақ және гүлзар — ойластырылған композицияның бөлігі.

Сенсорлық ойын алаңдары — балалар дамуына арналған кеңістік

Балаларға арналған ойын аймақтары сенсорлық дамуға арналған инновациялық элементтермен жабдықталған. Бұл алаңдар тек ойынға ғана емес, баланың дене қимылдарын жақсартуға, қиялын дамытуға, әлеуметтік қарым-қатынас жасауына ықпал етеді.



Қауіпсіз жабыны бар сырғанақтар, тепе-теңдік тақталары, тактильдік жолақтар — мұнда балалар қозғалыс арқылы әлемді таниды. Ата-аналар үшін бұл — алаңсыз бақылап отыра алатын, толықтай қауіпсіздік қамтамасыз етілген аймақ.

Спорт және белсенді демалыс алаңдары

Жасөспірімдер мен ересектер үшін аулада арнайы ұйымдастырылған workout аймақтары, баскетбол және футбол алаңдары бар.



Мұнда:

- Белсенді жаттығуларға арналған заманауи құрылғылар
- Жарықтандырылған, жасанды жабыны бар спорт алаңдары
- Жиналып, командалық ойын ойнауға мүмкіндік беретін кеңістіктер қарастырылған

Бұл — тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстанып, өз денсаулығына көңіл бөлуіне арналған тегін және қолжетімді шешім.





Avenue Park

Демалыс аймақтары

Отбасымен де, жалғыз да тыныштыққа бөленетін жайлы орындар — аулада ерекше ойластырылған.

Жайлы орындықтар, көлеңкелі беседкалар, кіші архитектуралық формалар — барлығы табиғи материалдармен әрленіп, тыныштық атмосферасын қалыптастырады.





Avenue Park

Инженерлік сенімділік және автономдылық жүйесі

Резервтік электрмен қамту жүйесі

Avenue Park аумағында орталық электр қуаты өшкен жағдайда автоматты түрде іске қосылатын дизельді генератор орнатылған.

Бұл жүйе қамтамасыз етеді:

- Сыртқы жарық жүйесін
- Инженерлік тораптар мен қауіпсіздік жүйелерінің үздіксіз жұмысын
- Пәтерлерге тоқ беруді

Апаттық жағдайда да тұрғындар ешқандай қолайсыздық сезінбейді.

Автономды су жүйесі

Кешен аумағында көлемі 360 м³ болатын резервтік су қоймасы орналасқан. Бұл жүйе орталық су беру тоқтаған жағдайда да пәтерлерге суды үздіксіз жеткізуге мүмкіндік береді.

Қосымша **50 м³** су қоры ауладағы жасыл алқапты тұрақты суғаруға арналған.





Avenue Park

Қазан-ошақ және барбекю аймағы — отбасылық жылылық пен дәстүрдің жалғасы

Avenue Park ауласында арнайы ұйымдастырылған қазан-ошақ және барбекю аймағы қарастырылған. Бұл — қазақы қонақжайлылық рухын заманауи инфрақұрылыммен үйлестіретін ерекше кеңістік.

Мұнда тұрғындар:

- қазанда бауырсақ пісіріп, қуырдақ дайындай алады
- барбекю грилында отбасылық кешкі асты бірге әзірлейді
- мерекелер мен демалыс күндерін табиғи ортада, таза ауада қарсы алады

Бұл алаң — ізгі дәстүр мен ортақ естеліктер жасалатын орын.

Киіз үй батыс дәстүрінің ажырамас бөлігі

Аула аумағында қазақ киіз үйінің заманауи интерпретациясы бой көтереді. Бұл этно-элемент Avenue Park тұрғындарының мәдениетімен байланысын үзбей, оған жаңа тыныс береді.

- Ішкі кеңістігі демалыс, мерейтой, салт-дәстүр іс-шараларын өткізуге арналған
- Киіз үй жабындысы мен іс-шара өткізуге арналған үстелдер қарастырылған
- Бұл — ұлттық рухты әсем, заманауи сәулетпен тоғыстыратын символдық аймақ





Avenue Park

Қауіпсіздік жүйесі — 24/7 бақылау, ақылды технологиялар

Avenue Park-тағы қауіпсіздік ең жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

- 24/7 бейнебақылау жүйесі
Кешен аумағының әр бұрышы камерамен қадағаланады — аула, кіреберіс, автотұрақ, қоғамдық аймақтар толық қамтылған.
- IP-домофония
Әр пәтерде орнатылған ақылды домофон арқылы тұрғындар есік алдында кім тұрғанын көріп, бір батырмамен рұқсат бере алады.
- Тәулік бойы күзет қызметі
Тұрғындардың қауіпсіздігіне жауап беретін жеке мамандар бар. Кез келген күмәнді жағдайға тез әрекет етеді.

Бұл кешенде сіз және отбасыңыз — әрдайым қорғалған, сенімді ортада.






Avenue Park

Boxroom — кең сақтау кеңістігі

Avenue Park тұрғындарына арналған қосымша мүмкіндік



Boxroom — кеңістікті тиімді пайдалануды көздейтін заманауи шешім. Бұл — пәтер ішіндегі артық жүктемеден арылтып, әр шаршы метрді орынды қолдануға мүмкіндік беретін жеке қойма бөлмелері қарастырылған. Бұл сіздің пәтеріңізді жеңілдететін, өмір салтыңызды реттейтін және кеңістікке еркіндік беретін шешім.



Қойма бөлмелерінің бағасын нақтылау үшін — өзіңіздің менеджеріңізге хабарласыңыз.



Avenue Park

Бизнес кеңістіктер

— кәсіби және коммерциялық мақсаттағы функционалды аймақтар



Avenue Park стильді премиум стандарт

Тұрғын үй кешеніндегі бизнес кеңістіктер — ыңғайлы орналасуымен қатар, коммерциялық белсенділікке арналған тамаша шешім. Бұл аймақтар жұмыс істеуге, қызмет көрсетуге, дүкен ашуға немесе жеке студия ұйымдастыруға бейімделген.

Ерекшеліктері:

- Төбе биіктігі: 3,8 м және 5 м
Мұндай кеңдік интерьер дизайнына еркіндік беріп қана қоймай, кеңістіктің толыққанды әрі әсерлі болуын қамтамасыз етеді.
- Коммерцияға дайын жоспарлау: ғимараттың бірінші қабаттары келушілер үшін ыңғайлы, эстетикалық және сенімді ойластырылған.
- Бөлінген инженерлік жүйелер: электр, су, желдету және қауіпсіздік жүйелері әр кеңістікке жеке қосылған.
- Ыңғайлы орналасу: тұрғындардың да, қала қонақтарының да сұранысына сай келетін қолжетімділік.





Avenue Park

Avenue Park — бұл жай ғана пәтер емес

Бұл — өзіңіз де, балаңыз да, қонағыңыз да, болашағыңыз да сенімді болатын өмір салты.

Кеңдік, жарық, қауіпсіздік, жұмыс пен демалыс арасындағы тепе-теңдік – Avenue Park өмірді мәнді ететін жоба.

Avenue Park — отбасыңыздың жаңа тынысы, жайлы болашағы, сенімді мекені.







Байланыс:

Сату бөлімі:

Ақтау қаласы, 40 шағын аудан 2 үй

8(701) 083 66 06

Instagram: @bs_holding

Сайт: www.bs-holding.kz



Avenue Park